

2023 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 699 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық - атқару кодексінің 18-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14-1), 14-3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы №412 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылы 8 шілдеде №13898 тіркелген) "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған, немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін аудандағы мекемелер мен кәсіпорындар жұмыскерлерінің тізімдік санының бір пайыз мөлшерінде 2023 жылға жұмыс орындарына квота белгіленсін. 2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін аудандағы мекемелер мен кәсіпорындар жұмыскерлерінің тізімдік санының бір пайыз мөлшерінде 2023 жылға орындарына квота белгіленсін.

3. Осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін аудандағы мекемелер мен кәсіпорындар жұмыскерлерінің тізімдік санының бір пайыз мөлшерінде 2023 жылға орындарына квота белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Тауасаровқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Зайсан ауданының әкімі

Д. Қажанов

Зайсан ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "18" қарашадағы
№ 699 қаулысына 1 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарына 2023 жылға квота мөлшері

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	2	3	4	5
1.	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Зайсан ауданының орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	484	1	5
2.	Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің "М.Әуезов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	120	1	1
3.	Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің "М.В.Ломоносов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	100	1	1

	Жиыны	704		7
--	-------	-----	--	---

Зайсан ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "18" қарашадағы
№ 699 қаулысына 2 қосымша

Пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарына 2023 жылға квота мөлшері

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	ж ұ м ы с орындарының саны (бірлік)
1	2	3	4	5
1.	"Зайсан құрылыс компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	224	1	2
2.	"СМУ-Шығыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	160	1	2
	Жиыны	384		4

Зайсан ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "18" қарашадағы
№ 699 қаулысына 3 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына 2023 жылға квота мөлшері

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскер-лердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері	
			Жұмыскер-лердің тізімдік санынан %	ж ұ м ы с орындарының саны (бірлік)
1	2	3	4	5
1.	"Зайсан құрылыс компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	224	1	2
2.	"СМУ-Шығыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	160	1	2
	Жиыны	384		4

